

PETROSUN: 2023 ж. 8 айдағы әлеуметтік міндеттемелердің нәтижелері.

Алматы қ.

19 қыркүйек 2023 жыл

Мемлекеттік бағдарламаларды қолдау және жүзеге асыру PETROSUN компаниясының қызметі басымдықтарының бірі болып табылады. Төмендетілген бағамен дизель отынын жеткізу республиканың ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдауға, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға бағытталған.

Мысалы, компания күзгі дала жұмыстарына 260 мың тонна көлемінде жеңілдікті дизель отынын жеткізуді жоспарлап отыр, бұл қазақстандық шаруаларға жеткізілетін отынның жалпы көлемінің 61 %-ын құрайды.

Естеріңізге сала кетейік, көктемде PETROSUN егіс жұмыстарына 300 мың тонна жеңілдікті дизель отынын бөлді, бұл жалпы көлемнің 72%-ы.

2023 жылғы 8 айдың қорытындысы бойынша PETROSUN үшін МӨЗ жасап шығарған дизельдік отынның жалпы көлемі 1,6 миллион тонна құраса, компания 4,8 миллион тоннаға сауал алды, бұл 300%-ға жоғары дерлік.

2023 жылы өткір тапшылық кезеңінде дизель отынға деген маңызды қажеттілікті ескере отырып, PETROSUN компаниясы Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының тапсырмасы бойынша ресейлік МӨЗ жасап шығарған 30 000 тоннаға жуық дизель отынын өз бетінше импорттады. Бүкіл көлем қазақстандық АЖҚС-тардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

PETROSUN жеңілдетілген бағамен дизель отынымен қамтамасыз ету бойынша барлық мемлекеттік бағдарламаларды дер кезінде және толық көлемде орындайды. Әлеуметтік бағдарламалардың орындалу барысы туралы есептер күн сайын уәкілетті органға жолданады.

Анықтама үшін: 2012 жылдың қаңтарында құрылған «PETROSUN» ЖШС «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың және «Қазақстандағы ҚҰМК Интернационал» ЖШС-тің еншілес ұйымы болып табылады. Өзінің әлеуметтік жауапкершілігі аясында PETROSUN тұтынушыларға үлестіруге қатыспастан жеңілдікті дизель отынын жеткізуді қамтамасыз етеді. Өнімнің қозғалысын бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бұйрығымен 2023 жылғы сәуірде жергілікті МӨЗ-де жеңілдікті отынға жеке ДСН-код енгізілді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің нормаларында белгіленген мұнай өнімдерін өткізудің бірыңғай шарттары PETROSUN ресми сайтында (<https://petrosun.kz/>) жалпыға қолжетімді жерде орналастырылған.